**Аннотация.** В этой статье представлен краткий обзор истории прессы. Влияние каждого общественно значимого изменения на прессу будет прозрачным. Наконец, будет проведен анализ текущего состояния прессы. Обсуждая будущее современной прессы, в статье основное внимание уделяется ее меняющемуся положению в социальном, экономическом и технологическом плане. Под влиянием оцифровки ее содержание и пути распространения претерпели кардинальные изменения. Интернет-журналистика, платформы социальных сетей и мобильные приложения, в частности, проложили путь к быстрому и широкому распространению информации.. В статье рассматриваются будущие роли и направления развития прессы, а также вопросы совместимости традиционных и новых медиа. Особенно важное место занимает достоверность и объективность информации, а также соблюдение информационной безопасности и этических норм. Кроме того, предлагаются более глубокие исследования того, как искусственный интеллект и технологии анализа данных меняют работу прессы. Эта статья всесторонне исследует возможности и проблемы темы в новую эпоху.

**Ключевые слова:** пресса, газета, журнал, читатель, тема, информация, проблема, культура, социальные сети.

**A.A.Moldabayeva -** *M. Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan*

## THE RELATIONSHIP AND PROSPECTS OF THE MODERN PRESS BETWEEN TRADITIONAL AND MODERN MEDIA

**Abstract.** This article provides a brief overview of the history of the press. The impact of each socially significant change on the press is disclosed. At the end, an analysis of the current state of the press is carried out. Discussing the future of the modern press, the article focuses on its changing situation from a social, economic and technological point of view. Under the influence of digitalization, its content and ways of distribution have undergone a radical change. In particular, internet journalism, social media platforms and mobile applications have paved the way for the rapid and widespread dissemination of information.. The article discusses the future role and directions of development of the press, as well as issues of harmony between traditional and new media. Especially important is the reliability and objectivity of information, as well as compliance with information security and ethical standards. In addition, more in-depth research will be presented on how artificial intelligence and data analysis technologies are changing the way the press works. This article comprehensively examines the possibilities and challenges of the topic in the new era.

**Keywords:** Press, newspaper, magazine, reader, topic, Information, issue, culture, social network.

**References**


1. Voroshilov, V. V. Sovremennaya press-sluzhba [Modern press service] [text] / V. V. Voroshilov. - Saint Petersburg: Izdatelstvo Mikhailova V. A. – 2005, pp. 9-10.
2. Pocheptsov, G. G. Kommunikativnye tekhnologii HKH veka [Communication technologies XX century] [text] / G. G. Pocheptsov. - St. Petersburg: refl-Buk, - 1999. - 200 P.
3. Bekniyazov T. Demokratiyalyқ қoғam zhәne baspasөz [Democratic society and the press] [text] / T. Bekniyazov.- Almaty: Kazakh University, 2005 pp. 5-8.
4. Marguerite, H. Sallivan. ZHauapty baspasөz қyzmeti [Sullivan. Responsible press service] [text]/ H. Sullivan Marguerite. - Directory issued under the program of the US Department of State. P.20, 2005
5. «ZHurnalist» Қazaқstan zhurnalisterkongresiniң basylymy. 2004, № 9(10) 2-bet [Publication of the Kazakhstan Journalists] 'Association" journalist". 2004, No. 9(10) page 2 [Electronic Resource] / Access mode: usino / state / gov views date: 15.02.2025
6. Almaty қalasy әkiminiң baspasөz қyzmeti turaly қaulysy [Resolution of the mayor of Almaty on the press service], 2005
7. Organizaciya raboty press-sluzhb –mezhdunarodnyeStandarty metodicheskoe posobie [Organization of the work of the press service-international standards of methodical work], Taraz, Zhambyl region, Public Fund "Order of protection of free journalism "FORPOST" page 8-10.
8. Black S. Pablik rilejshnz [Public Relations] [text] / S. Black. - Moscow, 2003, pp. 42-49.
9. Vlasenko, S. Otnosheniya mezhdu sredstvami massovojinformacii i gosudarstvennymi organami [Turning between mass information and state bodies] [ text] / S. Vlasenko pp. 2-3 .
10. Zhurnal «Press-sluzhba» [Journal "press service"] [electronic resource] / access mode: www.press-servise.ru review date: 15.02.2025
11. PR info aқparattyқ-anyқtamalyқ Web basylymy [PR info information and reference Web edition] [electronic resource] / access mode: Prinfo.zone.ru review date: 15.02.2025



*5.02.25 ж. баспаға түсті.*
*11.03.25 ж. түзетулермен түсті.*
*16.06.25 ж. басып шығаруға қабылданды.*

*Мақалаға сілтеме:* *Молдабаева, А.А. Қазіргі баспасөздің дәстүрлі және заманауи медиа арасындағы байланысы мен болашағы [Мәтін] / А.А. Молдабаева // Dulaty University Хабаршысы. – 2025.- №2 – Б.138-143* https://doi.org/10.55956/RGJM1160

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

NATURAL SCIENCES

Ғылыми мақала

**ҒТАМР 29.05.33**

https://doi.org/10.55956/AKOP7432

**Р.Ж.Наметкулова***

*Магистр, аға оқытушы*

*М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті,*

*Тараз, Қазақстан*

*rzh.nametkulova@dulaty.kz*

**А.К.Кадиримбетова**

*Магистр, аға оқытушы*

*М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті,*

*Тараз, Қазақстан*

*ak.kadirimbetova@dulaty.kz*

**Н.Әбдрасил**

*6В05311-«Физика» ББ студенті*

*М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті,*

*Тараз, Қазақстан*

# СҰЙЫҚ ДИЭЛЕКТРИКТЕГІ КӨПІРШІКТІҢ СЫРТҚЫ ЭЛЕКТР ӨРІСІНДЕГІ ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ

***Аңдатпа.*** *Мақалада күшті электр өрісіндегі сұйық диэлектрик ортадағы көпіршіктің бөлініп, ыдырауы теориялық тұрғыда қарастырылды және оның дисперсиялану заңдылықтары зерттелді. Көпіршіктің ыдырауы нәтижесінде беттік керілу күштерінің энергиясының, көпіршіктің өзінің электростатикалық энергиясының, олардың электростатикалық энергияларының өзгерістерінен, сондай ақ екінші реттік көпіршіктердің шығарылуы кезіндегі электрлік және лапласс қысымдарының пропорционалды емес өзгерістерінің әсерінен болатын көпіршіктердің сығылу және кеңею жұмыстарынан тұратын жүйенің потенциалдық энергиясының өзгерісінің өрнегі анықталып, талдау жасалды.*

***Тірек сөздер:*** *электр өрісі, диэлектрик, деформация, потенциал, электр өрісінің энергиясы, поляризация, рекомбинация.*

**Кіріспе.** Күшті электр өрісінде орналасқан диэлектрлік сұйықтардағы көпіршіктердің тұрақсыздығы туралы мәселе техникалық физика бөлімдерінде, дербес жағдайда сұйық диэлектриктердің ыдырау теориясында қызығушылық туғызады. Сұйық диэлектриктердің электрлік тесілу (бұзылу) құбылысы тәжірибе жүзінде толық зерттелген. Бақылаулар бойынша тесілу (бұзылу) алдында катодтың маңайында бу мен газдан тұратын микрокөпіршік пайда болып, өсе бастайды. Біртекті сыртқы электр өрісінде көпіршік өріс бағыты бойымен созыла отырып, өзінің сфералық

пішінінен айырылып, созылған сфероид тәрізді пішінге ие болады [1,2]. Жеткілікті күшті өрісте сфероид тәрізді көпіршік тұрақсыздыққа ұшырайды: оның ұштарында эмиссиялық төбелер пайда болады да, одан артық зарядты өзімен бірге алып кететін қосымша майда көбіршіктер шығарыла бастайды [3].

Күшті электр өрісіндегі көпіршіктің ыдырау құбылысы теориялық тұрғыдан өте әлсіз зерттелген. Осыған байланысты сыртқы электр өрісіндегі сұйық диэлектриктегі көпіршіктің дисперсия-лану заңдылықтарын теориялық зерттеудің жеткілікті өзекті болып табылады. Мақалада осы мәселе қарастырылады.

**Зерттеу шарттары мен әдістері.** Сұйық диэлектрикте, электрлік тесілу кезінде пайда болған және разрядтық плазмамен толтырылған радиусы $R_0$ сфералық көпіршікті қарастырамыз. Сұйықтың жылусыйымдылығы үлкен және кернеулігі $\vec{E}/\varepsilon$ біртекті электростатикалық өрісте орналасқан делік, мұндағы $\varepsilon -$ сұйықтың диэлектрлік өтімділігі. Сыртқы электр өрісінің әсерінен көпіршік $\vec{E}$ векторы бағытында созылып, сфероидқа айналады. Осы кезде ол өзінің көлемін арттырады. Бастапқы уақыт мезетінде көпіршікті толтырып тұрған плазманың әр аттас зарядтары жартылай рекомбинацияланады, ал қалған бөлігі көпіршіктің қабырғаларына орнығады, яғни көпіршік $\vec{E}$ бағытында поляризацияланады. Электростатикалық өрістің көпіршіктің бетіне жанама бойымен бағытталған құраушыларының әсерінен оның қабырғасында орналасқан зарядтар көпіршіктің сфероидтық деформациясы кезінде оның шыңдарындағы зарядтардың концентра-циясының артуына байланысты қайта таралатын болады.

Көпіршік бетіндегі электрлік потенциалдың сипаттамалық теңесу уақыты

$$\tau_q = \frac{\varepsilon R}{\chi E},$$

өрнегімен анықталады, ал оның тұрақсыздығының сипаттамалық даму уақытының формуласы:

$$\tau_u = \sqrt{\frac{\rho R^3}{\sigma(1 - w/(16\pi))}}.$$

Соңғы өрнектегі

$$w = \frac{E^2 R}{\varepsilon\sigma}$$

поляризациялық зарядқа қатысты көпіршіктің тұрақтылығын сипаттайтын Тейлор параметрі [4,5]; $\chi -$ орталар арасындағы шекарадағы заряд тасымалдаушылардың беттік қозғалғыш-тығы; $\rho -$сұйықтың тығыздығы; $\sigma -$сұйық-газ шекарасындағы беттік керілу коэффициенті.

Егер $\chi$ шамасы кіші және тұрақсыздықтың $\tau_u$ сипаттамалық даму уақыты электрлік потенциалдың сипаттамалық $\tau_q$ теңесу уақытынан көп кіші болса: $\tau_u \ll \tau_q$, онда тұрақсыздықтың жүзеге асырылу процесі кезінде көпіршіктің бетін өткізбейтін, ал заряд бетте қатырылған деп есептеуге болады. Мұндай көпіршіктің оның бетінде жинақталған поляризациялық зарядқа қатысты тұрақсыздығын жүзеге асыру кезінде ол екі зарядтары бірдей екінші реттік көпіршіктерге бөлінеді. Ал егер $\chi$ шамасы, беттік зарядқа қатысты көпіршіктің тұрақсыздығын жүзеге асырудың сипаттамалық уақыты $\tau_q$ көпіршік бетіндегі электрлік потенциалдың $\tau_u$ теңесу уақытынан көп үлкен болатындай: $\tau_q \ll \tau_u$, жоғары мәнге ие болса, онда соңғысын идеал өткізгіш беп қабылдауға болады.

Дербес жағдайды қарастырамыз. Гександағы радиусы $R = 10^{-3}$см көпіршік үшін сипаттамалық $\tau_q$ және $\tau_u$ уақыттарын бағалаймыз, бұл кезде $\rho = 0{,}66$ г/см$^3$, $\sigma = 18{,}42\,\frac{\text{дин}}{\text{см}}$, $\varepsilon = 1{,}88$, электростатикалық өріс кернеулігі $E = 670$ В/м, заряд тасымалдаушылардың беттік қозғалғыштығы $\chi = 1$ см$^{3/2}$/г$^{1/2}$. Сонда тұрақсыздықтың дамуының сипаттамалық уақыты $\tau_u = 0{,}2 \cdot 10^{-5} c$, көпіршіктің бетіндегі электрлік потенциалдың теңесуінің сипаттамалық уақыты $\tau_q = 0{,}2 \cdot 10^{-5} c$ және $\tau_q \gg \tau_u$.

Көпіршіктің сфероидқа созылуы және электр өрісінің қысымының әсерінен көлемінің өзгеруі кезіндегі потенциалдық энергиясының өзгерісін бастапқы көпіршіктің эксцентритетінің квадраты бойынша сызықтық жуықтауда келесі түрде жазуға болады:

$$\Delta U = 4\pi\sigma R^2\left(1 + \frac{2}{45}e^4\right) - \frac{E^2R^3}{2\varepsilon}\left(1 + \frac{2}{5}e^2 + \frac{58}{175}e^4\right) -$$

$$-PVln\frac{V}{V_0} + P_{at}(V - V_0) - 4\pi\sigma R_0^2 + \frac{E^2R_0^3}{2\varepsilon}, \qquad (1)$$

мұндағы $V_0$ және $V$ — көпіршіктің бастапқы және соңғы көлемі, $P$ және $P_{at}$ — көпіршіктегі бу мен газдың қоспасының қысымы және атмосфералық қысым.

Көпіршіктің теңгерілген күйіне потенциалдық энергияның минимумы сәйкес келетіндіктен, бұл күй үшін (1)-функцияның $e^2$ және $R$ тәуелсіз айнымалылары бойынша туындысын нольге теңестіреміз. Сонда өрістегі сфероидалық газ көпіршігінің тұрақсыздығының кризистік шартын анықтайтын, $e^2$ бойынша сызықтық жуықтауындағы екі теңдеуді аламыз:

$$e^2 = \frac{9}{16\pi}w, \qquad \frac{(P - P_{at})R}{2\sigma} \equiv \beta = 1 - \frac{3}{16\pi}w. \qquad (2)$$

(2)-өрнек бойынша біртекті $\vec{E}$ электр өрісіндегі сұйық тамшысынан ерекшелігі $\vec{E}$ өрісіндегі газ көпіршігінің тұрақсыздығының кризистік шарты өлшемсіз $\beta$ параметрмен анықталатын газдың қысымына тәуелді.

Электр өрісіндегі көпіршікті сфероидқа созғанда оның шыңдарындағы зарядтың концентрациясы электр өрісіндегі сұйық тамшысындағыдай артуы мүмкін, көпіршіктің бетінде жоғары капиллярлық толқындардың модаларының тұрақсыздығы пайда болады, ал олардың суперпозициясы олардың шыңдарында, артық поляризациялық зарядты алып кететін, эмиссиялаушы төбешіктердің қалыптасуына алып келеді. Екінші реттік көпіршіктердің кинетикалық энергияларының тұтқыр диссипациясы мен бұрынырақ эмиссияланған аттас зарядталған көпіршіктердің электр өрісінің тежегіштік әсерінен екінші реттік көпіршіктер тоқтайды. Нәтижесінде бастапқы көпіршіктердің шыңдарынан $L = ma$ қашықтықтағы ($a$ —бастапқы көпіршіктің үлкен жарты осі, $m$ —сандық параметр) сфероидтың шыңдарының маңайында екінші реттік көпіршіктердің жиынтығы пайда болады [3].

Бастапқы көпіршіктің қарама-қарсы шыңдарынан $n$-ші реттік эмиссияның нәтижесінде шамасы бойынша бірдей, бірақ таңбалары бойынша қарама-қарсы $q_n$ зарядталған $(q_n \ll ER^2)$ және радиустары $r_n$ $(r_n \ll R)$ екі қосымша көпіршіктер шығарылады. Сыртқы көздер және бастапқы көпіршіктің поляризациялық заряды жасайтын қорытынды электр өрісінде орналасқан $n$-ші екінші реттік көпіршік те эксцентритеті $e_n$ созылған сфероид пішінінде болады.

**Зерттеу нәтижелері.** Бастапқы көпіршіктің ыдырауы нәтижесінде беттік керілу күштерінің энергиясының, көпіршіктің өзінің электростатикалық

энергиясының, олардың электростатикалық энергияларының өзгерістерінен, сондай ақ екінші реттік көпіршіктердің шығарылуы кезіндегі электрлік және лапласс қысымдарының пропорционалды емес өзгерістерінің әсерінен болатын көпіршіктердің сығылу және кеңею жұмыстарынан тұратын жүйенің потенциалдық энергиясы өзгереді.

Екінші реттік көпіршікте қысымы $P_n$ газ бар делік. Жүйенің температурасын тұрақты деп есептеп, $n$-ші реттік ыдырау нәтижесінде жүйенің потенциалдық энергиясы қалай өзгеретінін табу қиын емес. Кіші шамалар (екінші реттік көпіршіктің радиусы $r_n$ және заряды $q_n$) бойынша сызықтық жуықтаумен келесі өрнекті аламыз:

$$\Delta U_n = 8\pi\sigma r_n^2 A(e_n) + q_n^2\frac{B(e_n)}{\varepsilon r_n} + 2q_n\frac{ER\Omega(\nu_n)}{\varepsilon} + $$
$$+2\frac{q_n}{\varepsilon L}\sum_{i=1}^{n-1} q_i - 2P_n V_n ln\left[\frac{V_n}{V_n^0}\right] + 2P_{at}[V_n - V_n^0], \qquad (3)$$

$$A(e_n) = \frac{1}{2}\left((1-e_n^2)^{1/2} + \frac{arcsine_n}{e_n}\right)(1-e_n^2)^{-1/6}, \qquad (3a)$$

$$B(e_n) = \frac{(1-e_n^2)^{1/3}}{e_n} arth(e_n), \quad \nu_n = \left(1+\frac{\xi_n}{a^2}\right)^{1/2}, \qquad (3б)$$

$$\Omega(\nu_n) = \frac{e(\nu_n - 1) - \nu_n arth[e(\nu_n - 1)(\nu_n - e^2)^{-1}]}{(1-e_n^2)^{1/3}(arthe - e)}, \qquad (3в)$$

мұндағы $\nu_n$ —алғашқы көпіршіктің үлкен жарты осьтерінде өлшенген бастапқы және екінші реттік көпіршіктердің центрлері арасындағы қашықтық; $\xi_n$ — $n$-ші екінші реттік көпіршіктің сфероидтық координатасы; $V_n^0$ және $V_n$ — екінші реттік көпіршіктің өзгеріске дейінгі және одан кейінгі көлемдері [5].

(3)-өрнектегі алғашқы қосылғыш екі екінші реттік көпіршіктердің беттік энергиясын, екіншісі – олардың меншікті электрлік энергиясын, үшіншісі – екінші реттік көпіршіктердің бастапқы көпіршікпен өзара әсерлесу энергиясын, төртіншісі – көпіршіктердің $n$-ші көпіршікке жиналуының өзара әсерлесу энергиясын, бесінші және алтыншысы – екінші реттік көпіршіктердің көлемдерінің изотермиялық өзгерісі кезіндегі газдың жұмысын сипаттайды.

Эмиссия үрдісі екінші реттік көпіршікті бөліп алатын кулондық күш оны ұстап тұратын $2\pi\sigma r_n^*$ —лапласс күшінен артық болғанша жалғасады ($r_n^*$ — $n$-ші екінші реттік көпіршікті бастапқы көпіршікпен байланыстыратын тарылу радиусы). Үзілу нүктесіндегі өріс кернеулігі бастапқы көпіршіктің және бұрынырақ үзілген екінші реттік көпіршіктердің өрістерімен анықталатынын ескеріп, екінші реттік көпіршіктердің бастапқыдан үзілу шартын алуға болады [9]:

$$\frac{\alpha_n X_n (1-e_n^2)^{-1/6}}{8} \le \frac{w}{16} Y_n \left\{T(\nu_n) - \frac{(1-e_n^2)^{2/3}}{m^2}\sum_{i=1}^{n-1} Y_i\right\}, \qquad (4)$$

$$T(\nu_n) = 1 - \frac{arth(e\nu_n^{-1}) - e\nu_n(\nu_n^2 - e^2)^{-1}}{arthe - e}, \qquad (4a)$$

$$Y_n = \frac{q_n}{ER^2}, \quad X_n = \frac{r_n}{R}, \quad \alpha_n = \frac{r_n^*}{b_n}, \qquad (4б)$$

$Y_n$ және $X_n$ — өлшемсіз заряд және $n$-ші екінші реттік көпіршіктің радиусы, $b_n$ — $n$-ші екінші реттік көпіршіктің кіші жарты осі.

(4)-теңдеудегі фигуралық жақшаның ішіндегі бірінші мүше бастапқы көпіршіктің $n$-ші екінші реттік көпіршіктің үзілу нүктесінде туғызатын электр өрісінің кернеулігін, ал екінші мүше бұрынырақ эмиссияланған $n$-ші екінші реттік көпіршіктер жинағының электр өрісін сипаттайды.

Енді келесі дербес жағдайды қарастырайық.

$e^2 = 0{,}7;\ \ \eta_n = \eta = 0{,}6;\ \ \beta = 0{,}75$ болғанда $w, \alpha_n, m$ параметрлерінің әртүрлі мәндері үшін (4) – (6) теңдеулер жүйесінен екінші реттік көпіршіктердің өлшемсіз радиустары мен зарядтарын есептеуге болады. Есептеулер нәтижесінде күшті зарядталған тамшылардың тұрақсыздығы жағдайындағыдай екінші реттік көпіршіктердің радиусы мен зарядтары олардың реттік номерлерінің артуымен өседі.

**Қорытынды.** Сыртқы электростатикалық өрістегі сұйық диэлектрикте көпіршіктің тұрақсыздығы кезінде ол бірнеше ондаған майда күшті зарядталған екінші реттік көпіршіктерді шығарады. Олар бастапқы көпіршіктің шыңдарының маңайындағы екі эмиссиялық төбешікте жинақталады. Бастапқы көпіршіктің бетінен бұрынырақ эмиссияланған көпіршіктерінің жинақталу орнына дейінгі қашықтықтың бір ретке артуы екінші реттік көпіршіктердің мөлшерінің артуына алып келеді. Бастапқы көпіршік үшін Тейлор параметрінің артуы эмиссияланған екінші реттік көпіршіктерінің артуына алып келеді.

**Әдебиеттер тізімі**


1. Матвеев, А. Н. Электричество и магнетизм [Текст] / А. Н. Матвеев. - Санкт-Петербург: Лань, 2010. - 656 с.
2. Савельев, И.В. Курс общей физики. Том 3. [Текст] / И.В. Савельев. - Электродинамика и волны, СПб.: Лань, 2022, – 352 с.
3. Глазков, В. Сферический пузырек в жидком диэлектрике при наличии электрического поля [Текст] / В. Глазков, О.А. Синкевич, П.В. Смирнов // Теплофизика высоких температур, - 1991, том 29, выпуск 6, стр. 1095–1102
4. Пылаева, И.В. Численный анализ динамики сферического пузырька в жидком диэлектрике при наличии электрического поля [Текст] / И. В. Пылаева, О. А. Синкевич, П. В. Смирнов // Теплофизика высоких температур, - 1992. - 30, выпуск 2,стр. 367–371.
5. Grigor’ev, A.I. Estimate of the electromagnetic radiation intensity of ball lightning / Grigor'ev, A.I., Shiryaeva, S.O. // Журнал Технической физики. - 2019, №1 (89), - стр. 22–26



**Р.Ж.Наметкулова*, А.К.Кадиримбетова , Н.Абдрасил**

*Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан*



**Аннотация.** В статье теоретически рассматривалось разделение и распад пузырька в жидкой диэлектрической среде в сильном электрическом поле и изучались закономерности его диспергирования. Выявлена и проанализирована картина изменения потенциальной энергии системы, состоящая из изменений энергии сил поверхностного натяжения в результате распада пузыря, электростатической энергии самого пузыря, их электростатической энергии, а также операций сжатия и расширения пузырьков, вызванных непропорциональными изменениями электрических и лапласовых давлений при выбросе вторичных пузырьков.



**Ключевые слова:** электрическое поле, диэлектрик, деформация, потенциал, энергия электрического поля, поляризация, рекомбинация.



**R. Zh. Nametkulova*, A. K. Kadirimbetova, N. Abdrasil**

*M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan*



**Abstract.** In the article, the separation and decomposition of a bubble in a liquid dielectric medium in a strong electric field was theoretically considered and the laws of its dispersion were studied. The expression of the change in the potential energy of the system, consisting in the work of compression and expansion of bubbles caused by changes in the

energy of the surface tension forces as a result of the decomposition of the bubble, the electrostatic energy of the bubble itself, their electrostatic energies, as well as disproportionate changes in Electrical and Laplace pressures during the ejection of secondary Bubbles, was determined and analyzed.

**Key words:** electric field, dielectric, deformation, potential, electric field energy, polarization, recombination.

**References**

1. Matveev, A. N. Elektrichestvo i magnetism [Electricity and magnetism] [Text] / A. N. Matveev. Saint Petersburg: Lan Publ., 2010. 656 p.
2. Saveliev, I.V. Kurs obshchej fiziki. Tom 3. [Course of general physics. Volume 3.] [Text] / I.V. Savelyev. - Electrodynamics and Waves, St. Petersburg: Lan, 2022, 352 p.
3. Glazkov, V. Sfericheskij puzyrek v zhidkom dielektrike pri nalichii elektricheskogo polya [Spherical bubble in a liquid dielectric in the presence of an electric field] [Text] / V. Glazkov, O.A. Sinkevich, P.V. Smirnov // High Temperature Thermophysics, 1991, volume 29, issue 6, pp. 1095-1102
4. Pylaeva, I.V. Chislennyj analiz dinamiki sfericheskogo puzyr'ka v zhidkom dielektrike pri nalichii elektricheskogo polya [Numerical analysis of the dynamics of a spherical bubble in a liquid dielectric in the presence of an electric field] / I. V. Pylaeva, O. A. Sinkevich, P. V. Smirnov // Thermophysics of High temperatures, 1992. 30, issue 2, pp. 367-371.
5. Grigor'ev, A.I. Estimate of the electromagnetic radiation intensity of ball lightning / Grigor'ev, A.I., Shiryaeva, S.O. // Journal of Technical Physics. - 2019, №1 (89), - pp. 22-26

*20.03.25. ж. баспаға түсті.*
*9.06.25. ж. түзетулермен түсті.*
*25.06.25 ж. басып шығаруға қабылданды.*

*Мақалаға сілтеме:* *Наметкулова, Р.Ж. Сұйық диэлектриктегі көпіршіктің сыртқы электр өрісіндегі тұрақсыздығы [Мәтін] / Р.Ж. Наметкулова, А.К. Кадиримбетова, Н. Әбдрасил // Dulaty University Хабаршысы. – 2025. – №2. - Б. 144-149* https://doi.org/10.55956/AKOP7432

ҒТАМР 34.41.01 https://doi.org/10.55956/BWKZ7366

**А.К. Агибаева**
*в.ғ.к., доцент*
*М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті,*
*Тараз, Қазақстан*
babasheva.alma@mail.ru

# ТҮРІКМЕНСТАНДЫ МЕКЕНДЕЙТІН ТҮЙЕЛЕРДІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Аңдатпа.*** *Түркіменстанда негізінен бір өркешті түйелер-аруана өсіріледі. Түрікмен-дердің өміріндегі түйенің рөлі көп қырлы. Бұл тұқым ғасырлар бойы пайда болған халық селекционерлерінің шығармашылығына жатады.*
*Бүгінгі таңда түрікмен қарақұмының жайылымдық-жемшөп қоры 38 млн. га құрайды, ал бұл - түйе малын өсіру үшін лайықты әлеует болып табылады.*
*Мақалада Түрікменстан түйе шаруашылығының дамуы, түрікмен түйесі - аруананың биологиялық ерекшеліктері, морфологиялық және өнімділік көрсеткіштері талданды.*

**Тірек сөздер:** *түйе шаруашылығы, бота, түйе, бура, інген, өркеш, дромедар, бактриан, аруана, көнтабандылар, гибридтер, лактация*.

**Кіріспе.** Түйе шаруашылығы ежелден мал шаруашылығының өнімді саласы болып табылады. Шөл және жартылай шөлді аймақтар үшін түйе өсіру ерекше маңызға ие, өйткені ол басқа мал аузына алмайтын ащы сілтілі шөптерді сүйсініне жейді. Биологиялық ерекшеліктеріне байланысты түйе қысқы суыққа және жазғы ыстыққа төзімді болып келеді. Сонымен қатар, оның құнды болуының тағы бір себебі, әсіресе қолайсыз шөлді және шөлейт жағдайларда, басқа жануарларды өсіру қиын жағдайда, одан әр түрлі сапалы өнімдер алуға болады.

Түйелер құнарлылығы жоғары ет, жылу сыйымдылығы жоғары және жұмсақ жүн, тағамдық және шипалы қасиеттері үшін құнды сүт, тері береді. Осы уақытқа дейін жұмысшы жануарлар есебінде де түйелерге деген қажеттілік сақталды. Бірақ мұндай пайдалы жануарлар әлемнің бірнеше елдерінде ғана бар. Түйе шаруашылығы дамып отырған осындай елдердің бірі Түркіменстан.

Түрікменстанның мал шаруашылы-ғында ерекше орын алатын түйелер ежелгі заманнан бері түрікмен халқының жетістігі болған. Намазгадепте табылған түйе сүйектерін зерттеген ғалымдар түйенің Түркіменстанда бұдан 6000 жыл бұрын болғанын және көлік пен тасымалдау құралы ретінде пайдаланылғанын анықтады.

Түркіменстанда, басқа мемле-кеттердегідей, халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері ерекше өзекті болып табылады. Осындай өнімдердің ішінде мал шаруашылығы өнімдері алғашқы орындардың бірі болып табылады. Бұл - елдің ауыл шаруашылығының ерекшеліктеріне де байланысты үлкен маңызға ие. Бұл мәселелерді шешу үшін жануарлардың санын көбейтіп қана қоймай, олардың өнімділігін арттыру да қажет екені түсінікті. Ал Түркіменстанның ерекше табиғи-климаттық жағдайла-ры мал шаруашылығының дәстүрлі салаларын, атап айтқанда түйе шаруашылығын табысты дамытуға мүмкіндік береді.

Жоғары тиімділігіне қарамас-тан, Түркіменстанның түйе шаруа-шылығы баяу қарқынмен дамуда, ал түйелердің өнімді қасиеттері жеткіліксіз пайдаланылуда. Қазіргі уақытта Түркіменстанның ет балансында түйе етінің үлес салмағы тек 3,0% құрайды.

Түркіменстанда негізінен бір өркешті түйелер-аруана өсіріледі. Бұл тұқым ғасырлар бойы пайда болған халық селекционерлерінің шығармашы-лығына жатады. Түйенің түрікмендердің өмірінде ежелден қандай рөл атқарғанын еске салудың қажеті жоқ. Түрікмендер өміріндегі түйенің рөлі көп қырлы. Түйе тіршілік ортасы ретінде шөлді жайылымдарды ұнататыны кездейсоқ емес. Бүгінгі таңда түрікмен қарақұмының жайылымдық-жемшөп қоры 38 млн. га құрайды, ал бұл дегеніміз түйе малын өсіру үшін лайықты әлеует болып табылады. Сонымен бірге, шалғай жайылым-дарды қолдана отырып, түйе шаруашылығын дамыту шөл экологиясын бұзбайтын-дығы да ескеріледі.

Қарақұм шөлі - әлемдегі ең үлкен құмды шөлдердің бірі. Ол Түркіменстан аумағының 72%-ын алып жатыр. Оңтүстігінде Копетдаг, Бадхыз және Карабил жоталарымен, солтүстігінде Хорезм ойпатымен, батысында Узбой алқабымен және шығысында Әмудария-мен шектеседі. Ол батыстан шығысқа қарай шамамен 800 км және солтүстіктен оңтүстікке қарай 450 км-ге созылады.

Түркіменстанның жазықтарында такырлар кездеседі. Такырлар беті жарықшақталған, өте тегіс және тығыз болып келеді. Мұндай такырлар Мұрғап, Теджен, Этрек өзендерінің атырауларында, Копетдагтың етегінде кездеседі. Такырлар ылғалды ішіне өте баяу (нашар) өткізеді, өйткені олар қалың саз қабатымен жабылған. Сондықтан тақыр шұңқырларында су жинауда және шөлде тұратын адамдар мен олардың малдарын сумен қамтамасыз етуде атмосфералық жауын-шашын үлкен маңызға ие.

Түрікменстанның барлық жазықта-рында тұзды батпақтар – шорлар кездеседі. Олар көбінесе Каспий теңізінің шығыс жағала-уында, Каспий маңы ойпатында, Сарығамышта, орта және төменгі Узбойда, Қарақұм каналының жағасында, оазис аймақ-тарында кездеседі [1].

Түркіменстан аумағы орта ендіктің шөлді аймағында орналас-қандықтан климаты континентальды болып, қатты құрғақшылықпен сипатталады. Бұл атмосфералық айналымның ерекшелік-теріне елдің Азия континентінде терең орналасуы, әлемдік мұхиттан қашық-тығы, сондай-ақ оңтүстікте орналасуы және оңтүстік-шығысы мен оңтүстігінде тау жүйелерінің болуы жатады. Сондықтан климаты - жыл бойына күндіз-түні метеорологиялық эле-менттердің күрт өзгеруіне байланыс-ты құрғақшылыққа, бұлттың аздығы-на және жоғары булануға байла-нысты қалыптасқан. Жоғарыда айтыл-ғандарға байланысты алдымызға Түркіменстанда ежелгі дәуірлерден бері таралған түйе тұқымы – түрікмен аруанасының биологиялық ерекшеліктерін айқындау мақсатын қойдық.

**Зерттеу шарттары мен әдістері**. Мақаланы жазуда ғылыми жарияланым-дар материалдарынан деректер жинап, талдау, салыстыру, қорытындылау әдістері пайдала-нылды.

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** *Түрікменстанның түйе шаруашылығы және оның дамуы.* Түйе өсіру ежелден басқа мал шаруашылығы салаларына қарағанда экономикалық тұрғыдан арзан болып саналады. Оларды жайылымдарда жаю кезінде қысқа жем дайындаудың қажеті жоқ. Түйелер шөптермен, бұталармен, жапырақтар-

мен, ағаш бұтақтарымен, сексеуіл, қант қамысы, құмай, жусан, қамыс, ақбас, жантақ, жыңғыл, торанғы сияқты бұталармен қоректенеді. Олар жаз күндері 2-3 күн, қыста апталар бойы сусыз шыдай алады. Шөлде ұсталған кезде оларға арнайы қора қажет емес. Сондайақ, түйелер орташа тұзды құдық суын іше алады.

Басқа жануарлардан айырмашылығы, түйелер 18-20 айға дейін сауылады. Олар күніне 7-8 литр, ал жылына - 2500-3000 литр сүт береді.

Түркіменстанда түйе шаруашылығын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Түркіменстанда 1970 ж. 70,7 мың түйе болған. Бұл түйелердің 57,5%–ы Ахал және Балқан уәла-яттарының, 22,2%–ы Мары, 10,9%–ы Лебап және 9,4%-ы Дашогуз шаруашылықтарында ұсталды. Ал тәуелсіздік жылдары олардың саны біраз артты. Мамандандырылған түйе фермалары Мары, Ахал және Балқан уәлаяттарында орналасқан (1-диаграмма, 1-кесте) [2].

Түркіменстанда негізінен бір өркешті түйелер - аруана өсіріледі. Түрікмен аруанасы әлемдегі ең жоғары ет-сүт өнімділігіне ие екендігі анықталған - лактацияның 18 айында бір түйеден 2500 литрге дейін майлылығы 3,5-3,8% сүт алынады. Селекция әдісімен аруананың үш түрі: жүнді-етті, сүтті-етті және етті-жүнді тұқымдары шығарылған.

Аруана тұқымдарының әр түрінің өзіндік даму және дене бітімі бойынша ерекшеліктері бар. Аталық түйелердің тірі салмағы орта есеппен 600-630 кг, аналық түйелер - 450-500 кг, сойыс шығымы -53%, ал ересек жануардан алынатын жүн - 2,2 кг. 100 түйеден орта есеппен 34-37 бас төл алынады.




Диаграмма 1. Түрікменстанда түйе санының өсуі, бас.

Түркіменстанда аруана тұқымының 5 генеалогиялық қатары шығарылған, олар елдің асыл тұқымдандыру ісінде қолданылады. Түйенің сүті мен сүт өнімдері өте үлкен маңызға ие. Жылына ел осы жануарлардан шамамен 2-3 мың тонна сүт алады.

Тәуелсіздік жылдарында жеке шаруашылықтар түйе шаруашылы-ғын дамытуға көп көңіл бөлді. Өйткені бұл мал шаруашылығы секторлары арасында тиімді болып саналады. Елде түйе шаруашылығы негізінен шөлге жақын ауылдардағы жеке фермаларда ұсталады.

Кесте 1.

Түркіменстанда түйе шаруашылығының уәлаяттар бойынша дамуы, бас.

| Әкімшілік террито-риялар | **1970** | **1990** | **2001** | **2004** | **2008** | **2020** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Түрікмен-стан** | **70700** | **100000** | **119000** | **124000** | **125000** | **345000** |
| Уәлаяттар (провинциялар) | | | | | | |
| Ашхабад | | | | | | |
| Ахал | 19866,7 | 28100 | 3439 | 34844 | 35125 | 96945 |
| Балканы | 20785,8 | 29400 | 34986 | 36456 | 36750 | 101430 |
| Дашогуз | 6645,8 | 9400 | 11186 | 11656 | 11750 | 32430 |
| Лебап | 7706,3 | 10900 | 12971 | 13516 | 13625 | 37605 |
| Мары | 15695,4 | 22200 | 26418 | 27528 | 27750 | 76590 |

*Түркіменстан түйесі - аруа-наның биологиялық ерекшеліктері.* Аруана - ірі, мүсінді, мықты, жақсы дамыған дене бітімі бар жануар, басы құрғақ, жеңіл, мұрны сәл дөңес, мойны ұзын, күшті және бұлшықетті; кеудесі биік және кең, тоқпан жіліктері ұзын, біртұтас өркеші толық, арқасы сәл дөңес, қаңқасы берік. Терісі жұқа, серпімді, ашық түсті. Түсі әдетте ашық қоңыр немесе қою қоңыр болып келеді. Жазғы ыстыққа және құрғақшылыққа жақсы бейімделген аруана түйелері африкалық және азиялық топтарға бөлінеді. Африкалық аруаналар азиялықтардан биігірек, аяқтары ұзын, жамбастары мен өркештері кішірек, бас сүйегі ұзын болып келеді (сурет 1).

Түрікмен аруанасын орташа және ауыр салмақтағы түйелерге жатқызуға болады. Түйелердің осы түрлерінің ішінде өте ірі жануар-ларды ғана емес, сонымен қатар ұсақ жануарларды да кездестіруге болады. Түрікмен аруанасы Түрікменстанда, Өзбекстанда, Қарақалпақ Автоно-миялық Республикасында және Оңтүстік Қазақстанда өсіріледі. Олардың денесі тығыз, жіңішке және қысқа, аяқтары ұзын. Аруана – әдетте жүріс малы. Ол жоғары сүттілігімен ерекшеленеді. Бұл тұқым Түрікмен-станнан тыс жерлерге кең таралған.

Сурет 1. Түрікмен аруанасы (дромедар)

Аруана түйелері әр түрлі таралу аймақтарындағы жем-шөп алқаптарының сипатына және мал өсіру жағдайларына байланысты әр түрлі болады. Бұл тұқымның ең ірі түйелері жайылымдық өсімдіктерге бай шығыс Түрікменстанда, Қара-құмның оңтүстің шығыс аймағында таралған. Ал, батыс Түрікмен-станның азықтық және су көздері кедей.

Түркіменстанда асыл тұқым-ды аруана тұқымының 5 генеало-гиялық желісі шығарылды, ол асыл тұқымды өсіруде қолданылады. Аруананың бүгінгі күнгі қасиеттері түрікмен халқының асыл тұқымды өсірудегі ұзақ жылғы еңбегінің нәтижесі болып

табылады. Мұнда аталықтарды таңдауға, олардың типтік ерекшеліктеріне, ірілігі мен экстерьерлік сапасына көп көңіл бөлінген. Сүтті аналықтардан таралған аталықтарды пайдалануға ерекше мән берілген. [3]

Түйенің конституциясы - оның денсаулығы мен өнімділігін құрайтын сыртқы бітімі мен ішкі жүйесінің жиынтығы. Малдың физикалық жағдайы оның шығу тегіне және қоршаған орта жағдайына (жайылым, бау-бақша) байланысты. Аруана түйелерінің даму деңгейі тек дене бітімінде ғана емес, сүт, ет, жүн өнімділігі жағынан да әртүрлі.

Бұл ерекшеліктердің бірі - майлы өркештер. Сондықтан түйенің арқасы тегіс емес, дөңес келеді. Аруананың денесі жылқы мен ірі қараға қарағанда қысқа, бірақ аяқтары ұзын. Олардың жамбастары бос және қозғалғыш. Қысқа денені күшті, ұзын және жақсы қозғалатын мойын толықтырады. Мойынның жақсы дамуына байланысты түйенің ауырлық орталығы (жылқы мен ірі қарадан айырмашылығы) алға қарай ығысады. Аруана түйесі денесінің алдыңғы бөлігінің артқы бөлігіне орташа қатынасы 10:5 болса, жылқыда 10:7, ірі қара малда 10:8.

Конституциясы мықты аруана түйелерінің сүйектері бұлшық еттері жақсы дамыған, денсаулығы жақсы, желіні жақсы дамыған, терісі мен бұлшық еттері жақсы, сүйектері мықты, ас қорыту жүйесі жақсы дамыған, жұмысқа қабілеттілігі өте жоғары болып келеді. Бұл түйенің жұмыстық қасиеттері қозғалыс жылдамдығымен, төзімділігімен, қуаттылығымен, жүк көтергіштігімен сипатталады. Қозғалыс жылдамдығы негізінен аллюрге (жүріс) байла-нысты. Аруананы жүк тасуға қолдан-ғанда жұмысқа жақсы қабілеттілік көрсетеді.

30-35 км-ге дейінгі арақа-шықтықта жүк тасымалдау кезінде көтеретін жүктің орташа салмағы 240-260 кг, ал алыс қашықтыққа тасымалдау кезінде - 180-200 кг құрайды.

Аруана түйелерінің тірі салмағының жасқа байланысты динамикасы 2-диаграммада көрсетілген.




Диаграмма 2. Аруана түйелері інгендерінің тірі салмағының жасқа байланысты динамикасы

Диаграммадан көрініп тұрған-дай түйелердің салмақ қосуы біркелкі емес қарқындылыққа ие. Туған кезде ол орташа есеппен 35 кг құрайды. Түйелер 1,5 жасында тірі салмағы 7,2 есе өсіп, 253,2 кг-ға жетеді. 2,5 жасқа дейін жас аруананың тірі салмағы 1,1 есе артады.

Бордақыланған түйелер етінің сапалық қасиеттерін сипаттау үшін еттің химиялық құрамы анықталды. Барлық

түйелердің семіздігі орташа-дан жоғары болды (2, 3-ші кестелер).

Кесте 2.

3,5 жастағы аруана түйелерін бақылаулық союдың нәтижелері

| № | Көрсеткіштер | Масса, кг | % |
|---|---|---|---|
| 1 | Тірі салмағы | 435,0 | 100 |
| 2 | Ұша | 239,0 | 55 |
| 3 | Өркеш | 27,4 | 6,3 |
| Субөнімдер | | | |
| 4 | Бас | 12,2 | 2,8 |
| 5 | Бауыр | 6,1 | 1,4 |
| 6 | Жүрек | | |
| 7 | Бүйрек | 1,7 | 0,4 |
| 8 | Асқазан | | |
| 9 | Ішектер | 3,5 | 0,8 |

Кесте 3.

Аруана етінің химиялық талдауы (өркешсіз есептелген)

| № | Көрсеткіштер | % |
|---|---|---|
| 1 | Ылғалдылығы | 74,0 |
| 2 | Ақуыз | 18,8 |
| 3 | Май | 6,3 |
| 4 | Күл | 0,8 |

Түрікмен аруаналарының сүт өнімділігі де жоғары екені анық-талды. Бір түйеден 2500 келіге дейін майлылығы 3,5-3,8% сүт алынады. Түйе сүті мен сүт өнімдері өте үлкен маңызға ие. Бұл малдан ел жылына 2-3 мың тонна сүт алады. Аруананың әр түрлі тұқымдары мен буданда-рының лактациялық кезеңі 16-18 айға дейін созылады және оның ұзақтығы көбінесе боталау мерзіміне байла-нысты. Лактация кезеңінің макси-малды ұзақтығы, әдетте, ақпанның аяғында - наурыздың басында, ал ең қысқасы - сәуір айында боталаған інгендерде болады. Інгендердің сүт өнімділігі әрбір келесі лактация кезінде артып отырады. Кәрі түйелерде лактация қарқындылығы төмендейді. Ең жоғары айлық сауым лактацияның екінші немесе үшінші айында байқалады. Алғашқы жеті айда түйеден жылдық сүт өнімінің 76%-ы сауылады.

Түйе желінінің анатомиялық құрылысы және сүт бөліну физиологиясы басқа жануарлардан айтарлықтай ерекшеленеді. Аруана түйелерінің желіні орташа, қуық көпіршіктерінің арасында орналас-қан. Аруана жатқанда желіні жерге тимейді, өйткені оны жамбас екі жағынан қорғайды. Желін сыртынан жұмсақ және серпімді терімен қапталған. Жазда желіні тығыз, ал қыста жүн талшықтарымен жабылады. Желин сегіз бөлек жүйеден тұратын екі бөлек жартыдан тұрады. Ішкі бөлігі оң және сол жартыға, ал жартылар, өз кезегінде, дәнекер тінімен алдыңғы және артқы бөліктерге бөлінеді. Сонымен, түйе желіні 4 бөліктен тұрады. Алдыңғы бөлімдер әлдеқайда жақсы дамыған. Түйенің желініндегі сүт түтіктерінің тармақталуы басқа жануарларға қарағанда айтарлықтай ерекшеленеді. [4]

Аруана аналықтарының сүт өнімділігі жоғары. Лактацияның алғашқы 12 айында олардан орта есеппен майлылығы 4,3% 2000 кг, ал сүттілерінен 3000 кг-нан астам сүт сауылады.

Аруана түйелері жоғары сапалы жүн береді. Ересек аруанадан орта есеппен 2,2 кг жүн қырқылады. Дромедарлардың жүн өнімділігі төмен, ересек асыл тұқымды түйелерден 4 кг-ға жуық (ең жақсысынан - 5,5-ке дейін), аналықтардан - 2 кг (ең жақсысынан - 3,5-ке дейін), 1-2 жастағы жас малдан - 1,5-2 кг жүн қырқылады. [4]

3-7 диаграммаларда аруана-ның басқа тұқымдармен салыстыр-ғандағы сүт өнімділігі туралы мәліметтер келтірілген.




Диаграмма 3. Аналық түйелердің әр түрлі тұқымдарының лактациялық кезеңінің ұзақтығы, күн




Диаграмма 4. Лактацияның 3-айлық кезеңіндегі арууананың және басқа түйе тұқымдарының салыстырмалы орташа тәуліктік сауымы, кг




Диаграмма 5. Арууананың және басқа түйе тұқымдарының бүкіл лактация кезеңіндегі салыстырмалы нақты сауымы, кг




Даграмма 6. Арууананың және басқа түйе тұқымдарының салыстырмалы сүттілік коэффициенті, %

Түйе сүтінің құрамында май, ақуыз және басқа да компоненттер көп, бұл оның тағамдық құндылығын қалыптастырады. Ол тұтас және өңделген түрінде пайдаланылады. Оның құрамында орташа есеппен 15,5% құрғақ зат бар. Ақуыздардан түйе сүтінде казеин, альбумин және глобулин көп (7-диаграмма).

Сиыр сүтінде ақуыздың казеин фракциясы басым, ол шамамен 80% құрайды, ал түйе сүтінде казеин 70% құрайды. Осыған байланысты түйе сүті сиыр сүтіне қарағанда жақсы сіңіріледі және сүттің альбуминдік түріне жатады.




Диаграмма 7. Әртүрлі ауылшаруашылық жануарлары сүтінің химиялық құрамы, %

**Қорытынды.** Түрікменстанда түйе шаруашылығы негізінен аруана түйелерінің тұқымынан тұрады. Экспедициялар жүргізген зерттеулер нәтижесінде барлық өсірілетін дро-медарлар Түрікменстанда шығарыл-ған және түрікменнің "аруана" атауын алған бір тұқымнан таралғаны анықталды. Аруана - нағыз жүріс тұқым болып табылады. Ол жоғары сүттілігімен ерекшеле-неді. Бұл тұқым Түрікмен-станнан тыс талай жерлерге таралған.

Түрікмен аруанасының түрлік белгісі - бір ықшам өркештің болуы, аяқтары ұзын, денесі қысқа болуы және бактриандармен салыстырғанда жүн жабынының әлсіз дамуы. Олардың қаңқасы жеңіл және терісі жұқа. Аруана - оңтүстік түйелері, ертерек пісіп жетіледі, және буаздық мерзімі бактриандарға қарағанда үш аптаға қысқа (12,6 ай). Түрікмен аруанасының бет сүйегі ұзынша келеді, маңдайы дөңес, қыр мұрын-ды, еріндері жұқа және қозғалмалы, жылқылар мен ірі қара малдар-дағыдай қысылмайды. Төменгі ерін жиі салбырап тұрады, ұрттары қатты үлкейген, ұрт пен азу тістерінің арасына азық көп сияды. Аруананың мойны ұзын, қозғалмалы және бұлшықеттері жақсы дамыған. Кекілі мен жалы дамымаған, сақал тек мойынның жоғарғы бөлігінде өседі, "галифе" жоқ, бірақ жауырын аймағында ұзын бұйра қылдардан тұратын "эполеттер" бар. Әдетте аруаналардың түсі ашық түстен қара-қоңыр түске дейін болып келеді.

Түрікменстанда 1970-2020 жылдардағы түйе шаруашылығының даму динамикасы түйе басының тұрақты өсуін көрсетеді, егер 1970 жылы түйе басының саны 70700 болса, ал 2020 жылы 345000 басқа жеткен.

Түрікмен аруанасының ет-сүт өнімділігі әлемдегі ең жоғары мәндерге ие - бір түйеден 2500 кг-ға дейін (лактацияның 18 айында), майлылығы 3,5-3,8% болатын сүт беретіндігі анықталды. Аруана түйелерінің желіні

орташа, қуық көпіршіктерінің арасында орналас-қан. Аруана жатқанда желіні жерге тимейді, өйткені оны жамбас екі жағынан қорғайды.

Лактацияның 3-айлық кезеңін-дегі арууананың салыстырмалы орташа тәуліктік сауымы қазақ дромедарынан 8,9%-ға артық болса, лактациялық кезеңі 10,3 %-ға, бүкіл лактация кезеңіндегі салыстырмалы нақты сауымы 25,6%-ға, ал салыстырмалы сүттілік коэффициенті 17,7 %-ға кем.

Ересек аруанадан орташа есеппен 2,2 кг жүн қырқылады.

Жыл сайын шөлейттенген жерлердің көлемі ұлғайып отырған қазіргі жағдайда, түйе шаруашы-лығының, әсіресе аруана сияқты сүтті тұқымның дамуы Түркіменстан үшін ғана өзекті емес. Өйткені түйе шаруашылығы шаруа-шылық әрекет айналымына миллион-даған гектар шөлді және шөлейт жерлерді тартуға, бәсекеге қабілетті нарықтық экономиканың барлық атрибуттары бар әлеуметтік инфрақұ-рылымды дамытуға мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер тізімі**


1. Çaryýew B., Ilamanow Ýa. TÜRKMENISTANYŇ GEOGRAFIÝASY. Synag okuw kitaby. Magtymguly adyndaky Türkmen döwlet uniwersiteti. - Aşgabat - 2010
2. Верблюдоводство в Туркмении. Сельское хозяйство, животноводство, птицеводство [Электронный ресурс] / Режим доступа: http://ashga.sitecity.ru Дата обращение: 14.06.2023
3. Баймуканов, Д.А. Удой молока верблюдоматок арвана и казахский бактриан в зависимости от технологии выращивания верблюжат [Текст] / Д. А. Баймуканов, Н. Н. Алибаев, А. Баймуканов, С. Д. Монгуш, М. Н. Ермаханов, Г. С. Абуов // Вестник Тувинского государственного университета. Выпуск 2. Естественные и сельскохозяйственные науки. – Кызыл : ТувГУ, 2019. - № 2 (45). - С. 31-40.
4. Баймуканов, Д.А. Верблюдоводство [Текст] / Д.А. Баймуканов, Ю.А.Юлдашбаев, Д.А. Дошанов. – М: 2018.


**А.К. Агибаева** – *Таразский университет имени М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан*

## БИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВЕРБЛЮДОВ, ОБИТАЮЩИХ В ТУРКМЕНИСТАНЕ

**Аннотация.** В Туркменистане выращивают в основном одногорбых верблюдов-аруану. Роль верблюда в жизни туркмен многогранна. Эта порода относится к творчеству народных селекционеров, возникших на протяжении веков.

На сегодняшний день пастбищно-кормовые запасы туркменских Каракумов составляют 38 млн. га, а это-достойный потенциал для выращивания верблюжьего скота.

В статье проанализировано развитие верблюжьего хозяйства Туркменистана, биологические особенности, морфологические показатели и продуктивность туркменского верблюда - аруаны.

**Ключевые слова:** верблюжье хозяйство, верблюжонок, верблюд, бура, горб, дромедар, бактриан, арвана, мозоленогие, гибриды, лактация.

**A.K. Agibayeva** – *M.Kh.Dulaty Taraz university, Taraz, Kazakhstan*

**BIOLOGICAL FEATURES OF CAMELS LIVING IN TURKMENISTAN**

**Abstract.** In Turkmenistan, mostly one-humped arvana camels are raised. The role of the camel in the life of Turkmens is multifaceted. This breed belongs to the work of folk breeders that have emerged over the centuries.

Today, the pasture and fodder reserves of Turkmen Karakums amount to 38 million hectares, and this is a decent potential for raising camel cattle.

The article analyzes the development of camel farming in Turkmenistan, biological features, morphological indicators and productivity of the Turkmen camel - arvana.

**Key words:** camel farming, baby camel, camel, borax, hump, dromedary, bactrian, arvana, calluses, hybrids, lactation.

**References**

1. Chariev B., Ilamanov Ya. GEOGRAPHY OF TURKMENISTAN. A textbook on testing. Makhtumkuli Turkmen State University. - Ashgabat - 2010.
2. Verblyudovodstvo v Turkmenii. Sel'skoe hozyajstvo, zhivotnovodstvo, pticevodstvo [Camel breeding in Turkmenistan. Agriculture, animal husbandry, poultry farming] [Electronic resource] / Access mode: http://ashga.sitecity.ru Date of appeal: 06/14/2023
3. Baymukanov, D.A. Udoj moloka verblyudomatok arvana i kazahskij baktrian v zavisimosti ot tekhnologii vyrashchivaniya verblyuzhat [Milk yield of Arvan and Kazakh bactrian camels depending on the technology of camel breeding] [Text] / D. A. Baymukanov, N. N. Alibayev, A. Baymukanov, S. D. Mongush, M. N. Ermakhanov, G. S. Abuov // Bulletin of Tuvan State University. Issue 2. Natural and agricultural sciences. – Kyzyl : TuvGU, 2019. - № 2 (45). - Pp. 31-40.
4. Baymukanov, D.A. Verblyudovodstvo [Camel breeding] [Text] / D.A. Baymukanov, Yu.A.Yuldashbaev, D.A. Doshanov. Moscow: 2018.

*21.02.25 ж. баспаға түсті*
*11.06.25. ж. түзетулермен түсті.*
*25.06.25 ж. басып шығаруға қабылданды.*

*Мақалаға сілтеме:* *Агибаева, А.К. Түрікменстанды мекендейтін түйелердің биологиялық ерекшеліктері [Мәтін] / А.К.Агибаева // Dulaty University Хабаршысы. – 2025. - №2. – Б.150-159* https://doi.org/10.55956/BWKZ7366

ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

PSYCHOLOGICAL SCIENCES

Ғылыми мақала

**ҒТАМР 15.31.31** https://doi.org/10.55956/ZQKP8126

**Г.Ғ.Паримбай**

*оқытушы*

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*

*Шымкент, Қазақстан*

gulzhanat.parimbay@bk.ru

**М.М. Досанова**

*оқытушы*

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*

*Шымкент, Қазақстан*

makpal-dosanova@mail.ru

**А.Ш. Баймахова**

*оқытушы*

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*

*Шымкент, Қазақстан*

aknur.bajmaxova@mail.ru

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ СТАТУСТАРҒА СӘЙКЕС СТУДЕНТТЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ-ӨМІРЛІК БАҒДАРЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

***Аңдатпа.*** *Мақала әлеуметтік желілердің қазіргі жастар өмірінің құндылық бағдарлары мен мағыналарын қалыптастырудағы әсерін зерттеуге бағытталған өзекті тақырыпқа арналған. Бұл мақалада студенттердің «Инстаграм» әлеуметтік желісіндегі статустарының мағыналық-өмірлік бағдарлары мен олардың құрылымдық мағынасын зерттеу нәтижелері келтірілген; қыздар мен ұлдардың өмірлік бағдарлардағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары және әлеуметтік желідегі статустарын құрылымдық мағынасына сай таңдау ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеу жұмысы негізінде студенттік топтарда «Мағыналық-өмірлік бағдарлар» шкаласы негізінде «Өмірлік мақсаттар» және «Бақылау локусы – Мен» шкаласы бойынша айтарлықтай айырмашылықтар анықталды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес қыздар – ұлдармен салыстырмалы түрде өз өмірлерін мағыналы деп санайды, болашағын жоспарлайды, өздерін өз өмірінің қожайыны деп есептейді. Ал ұл балалар – өз өмірінің мағыналарын салыстырмалы түрде аз деңгейде анықтайды және болашаққа мақсат қоюға бейім емес, сондай-ақ мақсатты жүзеге асыру өздеріне тым аз мөлшерде тәуелді деп санайды. Мақалада әлеуметтік желідегі статустардың өмірлік бағдарлардың мағыналық жағымен өзара байланысының корреляциялық талдауы ұсынылады. «Көшбасшылыққа/беделге ұмтылу» статусын таңдайтын жастарда мағыналық-өмірлік деңгейі төмен екендігі анықталды, олардың болашақтағы мақсаттары мейлінше беделділікке және көшбасшылыққа байланысты, сондықтан өз-өзіне үміт арту деңгейі төмен екендігі байқалады. Зерттеу нәтижесінде, ұл*

*балалар мақсатты таңдау үшін жоғары жауапкершілікті алуға дайын еместігін байқатты, десе де көбінесе «Достық құндылығы/эмпатия» мағынасындағы статусты таңдайды. «Махаббат/сүйікті адам» статусын таңдаған ұлдар мен қыздар өмір процесін, оның тиімділігін жақын адамымен, онымен қарым-қатынасымен тығыз байланыстырады. «Материалдық тәуелсіздікке ұмтылу» статусын таңдаған қыздар өз өмірінің толыққанды қожайындары болып табылады, өз қалауы бойынша өз өмірін құра алады, ал болашақта олардың мақсаттары материалдық тәуелсіздікпен байланысты.*

***Тірек сөздер:*** *мағыналық-өмірлік бағдар; әлеуметтік желідегі статус; Инстаграм әлеуметтік желісі; жастар; әлеуметтену.*

**Кіріспе.** Ғаламдық интернет желісі бүгінде бүкіл әлемдік қоғамның, әсіресе өскелең жастардың өмірінің үлкен әрі маңызды бөлігіне айналды. Осыған байланысты көптеген зерттеушілер қоғам идеалдарының жаңаруын және тұлғаның өмірлік бағдарларының өзгеруін, сондай-ақ әлеуметтенудің бүкіл бағытының түрленуі мәселелеріне басымдық беруде. Қоғам құндылық-тарындағы өзгерістерге және әлеуметтік өзгерістерге барынша сезімтал жауап береді, себебі барша құндылықтар мен нормаларды идеалдар мен абберациялардың басты әрі тікелей тасымалдаушысы болып отырған Интернет қызметтерінің негізгі тұтынушысы – осы жастар болып табылады.

Бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан көптеген әлеуметтік және психо-логиялық зерттеулерде жастар субмәдениетін талдауға және олардың құндылық бағдарлары мен мағыналық-өмірлік бағдарларын зерттеуге ерекше орын берілуде.

Тұлғаның құндылық және мағыналық-өмірлік бағдарларының қалыптасуы мен динамикасы мәселесі А.Г.Хайбулаеваның (2015), Е.М.Насрад-диннің (2010), Ф.М.Осиповтың (2015) зерттеулерінде, тікелей жастардың жас ерекшеліктеріне байланысты қарастыры-лады[1-3, б.24]. Кленова М.А. жастардың әлеуметтік әл-ауқатымен мағыналық-өмірлік бағдарлардың өзара байланысын анықтады [4,б.79-84]. Сондай-ақ Осипов Ф.М. болашақ психологтардың кәсіби маңызды өмірлік бағдарларының қалыптасу моделін ұсынады. Ғалым өз зерттеуінде студенттердің көпшілігінде рухани құндылықтардың қалыптасу деңгейі өте төмен екенін анықтады[3, б.25]. Ал болашақ педагог-студенттердің өмірлік бағдарларының ерекшеліктерін Т.Н.Кня-зева, А.Р.Масалимова, М.Б.Батюк зерттеді[5]. Ресейлік әлеуметтанушы А.Н.Михайлюк өзінің зерттеуінде жастардың жаңа виртуалды қауымдастығы туралы: «Виртуалды қауымдастық қашықтық пен шекараны еңсере отырып, көптеген адамдарды біріктіреді және сонымен бірге мәдениеттің өзіндік жаңа формасын – Интернетті пайдаланушылар қауымдас-тығының субмәдениетін тудыртады» ерекше нормалар, құндылықтар, қызығушылықтар, арнайы жаргондар және тіпті өмірдің мәні туралы ерекше түсініктерге дейін қалыптастырады[6, б.26-30.].

Әр түрлі өмірлік жағдайлардағы жастардың өмірлік бағдарларын (мамандық таңдау, өмірлік серік таңдау) орыс ғалымы А.В.Мальгина әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан зерттеді[7, б.26].

М.С.Безбогованың жұмысында қазіргі жастардың, әлеуметтік желі-лердің белсенді қолданушысы ретіндегі тұтас әлеуметтік-психологиялық портреті сипатталған. Зерттеушінің пікірінше, қазіргі жастар: жетістікке

жету, креативтілік, өзіндік маңыздылығы мен құндылығын арттыру, өз тұлғасына баса назар аудару; бүгінгі күнге баса назар аудару сынды қасиеттермен сипатталады [8, б.25].

